

## Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитетінің мәселелері

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 5 тамыз N 743. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1999.03.30 N 326 қаулысымен. ~P990326

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды одан әрі жетілдіру туралы" 1998 жылғы 21 мамырдағы N 3958 U983958\_ және "Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды оңтайландырудың бұдан былайғы шаралары туралы" 1998 жылғы 30 маусымдағы N 3986 U983986\_ Жарлықтарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

#### 1. Қоса беріліп отырған:

- 1) Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті туралы ереже (1-қосымша);
- 2) Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті аппаратының құрылымы (2-қосымша);
- 3) Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеттің аумақтық органдарының тізбесі (3-қосымша) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитетіне өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша жергілікті атқарушы органдардың заңдарға қайшы нормативтік құқықтық актілерінің күшін жою құқығы берілсін.

3. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитетінің өзіне жүктелген міндеттер аясында қабылдаған шешімдері заңды және жеке тұлғалардың орындауы үшін міндетті деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулыларының жобалары, органдардың нормативтік құқықтық актілері Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті мен оның аумақтық органдарына олардың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша монополияға қарсы заңдарға сәйкестігін тексеру мақсатында міндетті түрде алдын ала келісуге ұсынылады деп белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитетінің орталық аппаратының штат саны 75

бірлік, аумақтық органдары аппаратының штат саны 423 бірлік;  
қызметтік жеңіл автомобильдер лимиті орталық аппаратын үшін 3 бірлік,  
аумақтық органдар үшін 16 бірлік болып белгіленсін.

6. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитетіне Төрағаның екі орынбасарын ұстауға  
р ұ қ с а т е т і л с і н .

7. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитетінің орталық аппараты мен оның аумақтық органдарын ұстауға арналған шығыстарды қаржыландыру республикалық бюджетте мемлекеттік органдарды ұстауға көзделген қаржының есебінен жүргізіледі деп белгіленсін.

8. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитетіне өзіне Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі берген мүлікті жедел басқару құқығы берілсін.

9. "Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 18 желтоқсандағы N 1779 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1997 ж., N 54, 496-құжат) күші жойылған деп танылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1998 жылғы 5 шілдедегі  
N 743 қаулысына

1 қосымша

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті (Монополияға қарсы комитет) туралы

ЕРЕЖЕ

Миссиясы

Табиғи монополиялардың қызметін мемлекеттік реттеу, бәсекелестікті қорғау, монополиялық қызметті шектеу, теріс пиғылды бәсекелестіктің жолын кесу, тұтынушылардың мүдделерін қорғау.

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына енбейтін, баға, бәсекелестік,

тұтынушылардың құқығын қорғау салаларында мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын, сауда - өнеркәсіп саясатын іске асыруға жәрдемдесетін монополияға қарсы заңдардың орындалуын қадағалайтын орталық атқару органы болып т а б ы л а д ы .

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге а с ы р а д ы .

3. Комитет заңды тұлға болып табылады, оның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және өзінің атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі, банкте шоттары болады.

4. Комитеттің аппаратын және оның аумақтық органдарын ұстауға арналған шығыстарды қаржыландыру республикалық бюджетте орталық атқарушы органдары ұстауға көзделген қаржының есебінен жүзеге асырылады.

5. Комитеттің құрылымы мен штат санын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

## II. Басымдықтары

6. Комитеттің басымдықтары мыналар болып табылады:  
баға, бәсекелестік, тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында мемлекеттік саясатты әзірлеу және іске асыру;  
табиғи монополия субъектілері мен мемлекеттік органдардың көрсететін қызметтеріне бағаларды реттеу;  
монополияға қарсы заңдардың сақталуын қадағалау.

## III. Негізгі міндеттері

7. Комитеттің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:  
табиғи монополия субъектілерінің қызметін реттеу;  
табиғи монополия және мемлекеттік органдар көрсететін қызметтер саласында баға мен тарифтер белгілеудің кемсітпеу әдістерін әзірлеу және енгізу;

монополиялық қызметтің, нарықтағы үстем жағдайын теріс пайдаланудың алдын алу және оларға жол бермеу, теріс пиғылды бәсекелестіктің алдын алу және жолын кесу жөнінде шаралар қабылдау;

тауар және қаржы рыноктарында жекелеген шаруашылық субъектілерінің үстем болу деңгейін бақылау;

мемлекеттік органдардың ақылы қызмет көрсету тәртібін бақылау;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленетін уәкілетті орган жүргізетін сауда-өнеркәсіп саясатының іске асырылуына жәрдемдесу;

тұтынушылардың мүдделерін қорғау және тұрғын үй-коммуналдық реформалар жүргізу жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу.

#### IV. Комитеттің функциялары

##### 8. Комитет өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияшы шаруашылық жүргізуші субъектілерінің мемлекеттік регистрін, Қазақстан Республикасының Монополияшы шаруашылық жүргізуші субъектілерінің мемлекеттік тізілімін, Мемлекеттік органдар көрсететін ақылы қызметтердің мемлекеттік регистрін қалыптастырады және жүргізеді;

табиғи монополияшы ұйымдардың өнімі мен мемлекеттік органдар көрсететін қызметінің бағаларын реттеуді жүзеге асырады;

мемлекеттік бюджет пен индикативтік жоспардың қажеттілігіне арнап табиғи монополияшылардың субъектілері өнімдерінің бағасы мен тарифтері өзгеруінің болжамын әзірлейді;

табиғи монополия субъектілерінің шығындарын қалыптастыру және тарифтерін реттеудің рәсімдері мен әдістерін әзірлейді және енгізеді, олардың нақты шығындарына бақылау жасайды;

Қазақстан Республикасының Үкіметінің, орталық және жергілікті атқарушы органдардың табиғи монополия субъектілерінің қызметі, бәсекелестікті дамыту, тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері және Комитеттің құзыретіне кіретін басқа да мәселелер бойынша қабылданатын шешімдерінің жобаларына міндетті түрде қорытындылар береді;

нарықта үстем жағдайға ие шаруашылық жүргізуші субъектілер біріктірілген, қосылған кезде, сондай-ақ шаруашылық жүргізуші субъект сол тауар рыногында жұмыс істейтін басқа шаруашылық жүргізуші субъектінің акцияларын, пайларын, қатысу үлесін сатып алған кезде монополияға қарсы заңдардың сақталуына мемлекеттік бақылау жасайды;

Қазақстан Республикасының Парламентіне, Қазақстан Республикасының Президентіне, Қазақстан Республикасының Үкіметіне нарықтың жағдайы мен ондағы бәсекелестік туралы баяндамалар, монополияға қарсы заңдарды және оларды қолдану практикасын жетілдіру туралы ұсыныстарды белгіленген тәртіппен жолдайды;

Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына нормативтік құқықтық актілердің жобасын белгіленген тәртіппен ұсынады;

монополияға қарсы заңдардың сақталуын қадағалайды;

мемлекеттік органдардың монополияшы шаруашылық жүргізуші субъектілердің жүзеге асыруына бәсекелестікті дамыту жөніндегі шараларды іске асыруын үйлестіреді және оларға бақылау жасайды;

акционерлендіру, мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіру бағдарламаларының жобаларын әзірлеуге қатысады және келіседі, сондай-ақ

олардың сенімді басқаруға берілуін келіседі;  
шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін нарықтағы іс жүргізу ережелерін  
әзірлейді және енгізеді;

табиғи монополияға субъектілерін қайта ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар  
әзірлейді;

үстем жағдайға ие, бәсекелестікті шектейтін және монополиялық қызметті  
жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілерді анықтау мақсатында  
нарыққа талдау жасайды;

тұтынушылар қол жеткізе алатын өзара алмастырылатын тауарлар мен  
қызмет көрсетулердің шекарасын анықтайды;

монополияланған тауар және қаржы нарықтарын монополиясыздандыру  
жөнінде шаралар әзірлейді және іске асырады;

төлем жасау қабілетін тұрақты түрде жоғалтқан жағдайда монополияшы  
шаруашылық жүргізуші субъектілерге қатысты санация, қызметін тоқтату немесе  
банкроттық рәсімін қолдану жобаларын келіседі;

кәсіпорындардың мүлкін немесе монополияшы ұйымдардың акцияларының  
бақылау пакеттерін, үлестері мен пайларын сатып алуға, сондай-ақ сенімді  
басқаруға беруге қорытындылар береді;

нарықта монополияны болдырмау мақсатында акционерлік қоғамдарды  
қосуға қорытындылар береді;

мемлекеттік органдардың және өзге де тұтынушылардың құқықтарын қорғау,  
тұрғын үй-коммуналдық реформаларды жүргізу жөніндегі ұйымдардың  
іс-әрекетін үйлестіреді;

тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі заңдардың орындалуын  
бақылауды жүзеге асырады;

Комитеттің құзыретіне жататын мәселелер бойынша шет елдердің  
мемлекеттік органдарымен және мемлекеттік емес ұйымдарымен, сондай-ақ  
халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл мен ынтымақтастықты  
ұйымдастырады;

Комитеттің құзыретіне жататын мәселелер бойынша халықаралық жобалар  
мен бағдарламаларды әзірлеу мен іске асыруға қатысады.

#### V. Құқықтары

9. Комитеттің өзіне жүктелген мәселелерді жүзеге асыру және міндеттерді  
орындауы кезінде:

табиғи монополияшы шаруашылық жүргізуші субъектілердің өніміне және  
мемлекеттік органдардың көрсететін қызметтеріне бағалар (тарифтер) немесе  
олардың шекті деңгейін белгілеуге;

шаруашылық жүргізуші субъектілерді табиғи монополияшылар деп тануға;  
табиғи монополияшылардың өнімдеріне (жұмыстарына, қызмет көрсетуіне)

бағаларды өзгерту мәселелері бойынша жария тыңдаулар өткізуге;  
табиғи монополияшы шаруашылық жүргізуші субъектілердің материалдық құндылықтар мен қызмет көрсетулерді сатып алуына тендерлер өткізуге  
қ а т ы с у ғ а ;

өз құзыретінің шегінде орындалуы міндетті нұсқаулар беруге және нормативтік құқықтық актілер шығаруға;

нарықта үстем жағдайға ие шаруашылық жүргізуші субъектілерді монополияшылар деп тану туралы шешім қабылдауға;

монополияға қарсы заңдардың бұзылуы туралы істерге өз құзыретінің шегінде тексеру жүргізуге және қарауға, кінәлілерді әкімшілік жауапкершілікке  
т а р т у ғ а ;

монополияшылар деп танылған шаруашылық жүргізуші субъектілерге қолданылатын монополияға қарсы реттеу әдістері туралы шешімдер қабылдауға;

мемлекеттік органдардан, басқа да ұйымдардан, лауазымды адамдар мен азаматтардан өзінің міндеттері мен функцияларын іске асыруға қажетті ақпаратты сұратуға және алуға;

Комитет құзыретінің шегінде заң бұзушылықтарды жою туралы мемлекеттік органдарға, шаруашылық жүргізуші субъектілерге орындалуы міндетті  
ұ й ғ а р ы м д а р б е р у г е ;

шаруашылық жүргізуші субъектілердің бағаның мемлекеттік тәртібін бұзуының нәтижесінде алған сомаларын бюджет кірісіне алу туралы шешімдер  
қ а б ы л д а у ғ а ;

Комитет алқасының мәжілістерінде Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарын және шаруашылық жүргізуші субъектілерінің басшыларын тыңдауға;

Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ресми түсініктемелер  
б е р у г е ;

тексерулер мен сараптамалар жүргізуге басқа ұйымдардан мамандар тартуға;

бағаның мемлекеттік тәртібінің, монополияға қарсы заңдардың, тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі заңдардың бұзылуын жою мақсатында сотқа талаппен жүгінуге, сондай-ақ үшінші тұлғалардың талаптарын  
қ о л д а у ғ а ;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсыруы бойынша халықаралық шарттар мен келісімдерге қол қоюға;

өз өкілеттіктері мен функцияларының бір бөлігін аумақтық органдарға беруге ;

заңдарға сәйкес басқа да өкілеттіктерді пайдалануға құқығы бар.

## VI. Комитет пен оның лауазымды адамдарының жауапкершілігі

10. Комитет заңды тұлға ретінде Қазақстан Республикасының заңдарының нормаларына сәйкес өзіне тапсырылған міндеттердің дер кезінде және сапалы орындалуына жауапты.

Комитетке тапсырылған міндеттердің орындалуына Комитет төрағасы тікелей жауап береді.

## VII. Комитеттің қызметін ұйымдастыру

11. Комитетті заңдарда белгіленген тәртіппен қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын Төраға - Министр (бұдан әрі - Төраға) басқарады.

12. Төрағаның оның ұсынуымен Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын екі орынбасары, оның ішінде бір орынбасары - Атқарушы директор болады.

13. Комитет төрағасының орынбасары - Атқарушы директор Комитет төрағасы болмаған кезде оны алмастырады.

### 14. Комитеттің төрағасы:

Төраға орынбасарларының арасында міндеттерді бөледі, құрылымдық бөлімшелер басшылары мен Комитеттің басқа да жауапты қызметкерлерінің өкілеттіктері мен міндеттерін белгілейді;

Комитеттің орталық аппаратының қызметкерлерін және облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен келісе отырып аумақтық органдардың басшыларын қызметке тағайындайтын және қызметтен босатады;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес барлық мемлекеттік органдарда және басқа да ұйымдарда Комитетті білдіреді;

аумақтық органдардың құзыретіне жататын мәселелердің шеңберін белгілейді;

қызметкерлердің белгіленген саны мен еңбекақы төлеу қорының шегінде аумақтық органдардың құрылымын, бөлінген қаржы шегінде оларды ұстауға арналған шығыстардың сметасын бекітеді;

Комитет аппаратының құрылымдық бөлімшелері, аумақтық органдар туралы ережелерді бекітеді;

өз өкілеттіктерінің бір бөлігін аумақтық органдардың басшыларына береді;

өз құзыретінің шегінде бұйрықтар шығарады;

тәртіптік жазалар қолданады;

заңдарда белгіленген тәртіппен Комитеттің құрылымдық бөлімшелерін құру немесе тарату туралы ұсыныстар енгізеді;

Комитеттің құзыретіне кіретін басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

15. Комитетте құрамына Комитет төрағасы, төрағаның орынбасарлары, Комитет аппаратының құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдардың

басшылары кіретін алқа құрылады.

Алқаның жеке құрамын Комитет төрағасы бекітеді.

Алқа шешімдері қаулы түрінде шығарылып, оған Комитет төрағасы қол қояды.

16. Комитет қабылдаған шешімдер Төрағаның бұйрығымен ресімделеді.

17. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексіне сәйкес монополияға қарсы заңдарды бұзушылық туралы істерді қарау үшін Комитетте Әкімшілік комиссиясы құрылады.

Әкімшілік комиссиясының жеке құрамын Комитеттің төрағасы бекітеді.

18. Комитет жанынан Комитет қызметінің барлық бағыттары бойынша, оның ішінде тексерістер жүргізуге көмек көрсету үшін сараптық кеңестер құрылуы мүмкін.

Сараптық кеңестердің жеке құрамы ғалымдар мен мамандардан, Комитеттің, Қазақстан Республикасының басқа да министрліктері ен ведомстволарының, қоғамдық ұйымдардың, халықаралық ұйымдардың қызметкерлерінен қалыптастырылады және оны Комитет төрағасы бекітеді.

19. Комитет жүйесіне облыстар және Астана, Алматы қалалары бойынша табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеттер (бұдан әрі - аумақтық комитеттер) кіреді.

Аумақтық комитеттер заңды тұлғалар болып табылады.

20. Аумақтық комитеттердің негізгі міндеттері, функциялары мен құқықтары аумақтық комитеттер туралы ережелерде белгіленеді.

21. Аумақтық комитеттерді ұстауға арналған шығыстарды қаржыландыру республикалық бюджетте Комитетті ұстауға көзделген қаржының есебінен жүзеге асырылады.

22. Комитетті және оның аумақтық органдарын тарату және қайта ұйымдастыру заңдарда белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1998 жылғы 5 тамыздағы  
N 743 қаулысына

2-қосымша

*Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1998.11.17. N 1164*

Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитетінің

ҚҰРЫЛЫМЫ

Б а с ш ы л ы қ

Бәсекелестікті дамыту және тұтынушылардың құқықтарын қорғау



д е п а р т а м е н т і

Табиғи монополияларды реттеу департаменті  
Монополияларға қарсы заңдардың сақталуын қадағалау департаменті  
Ұйымдастыру-кадр жұмысы бөлімі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1998 жылғы 5 тамыздағы  
N 743 қаулысына

3-қосымша

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу  
және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті  
аумақтық органдарының

ТІЗБЕСІ

Астана қаласы бойынша Қазақстан Республикасының Табиғи  
монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті

Алматы қаласы бойынша Қазақстан Республикасының Табиғи  
монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті

Ақмола облысы бойынша Қазақстан Республикасының Табиғи  
монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті

Алматы облысы бойынша Қазақстан Республикасының Табиғи  
монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті

Ақтөбе облысы бойынша Қазақстан Республикасының Табиғи  
монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті

Атырау облысы бойынша Қазақстан Республикасының Табиғи  
монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті

Шығыс Қазақстан облысы бойынша Қазақстан Республикасының Табиғи  
монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті

Жамбыл облысы бойынша Қазақстан Республикасының Табиғи  
монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті

Батыс Қазақстан облысы бойынша Қазақстан Республикасының Табиғи  
монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті

Қарағанды облысы бойынша Қазақстан Республикасының Табиғи  
монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті

Қызылорда облысы бойынша Қазақстан Республикасының Табиғи  
монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті

Қостанай облысы бойынша Қазақстан Республикасының Табиғи  
монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті

Маңғыстау облысы бойынша Қазақстан Республикасының Табиғи  
монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті

Павлодар облысы бойынша Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК